



БҰЙРЫҚ

2022 ж 18 наурызда
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03/60
город Павлодар

**«Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы»
республикалық шебер-сағатын қалалық кезеңін
дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын орындау және заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы арқылы тәрбие-білім беру үдерісінде көркемдік-эстетикалық бағытты дамыту, педагогтердің үздік тәжірибесін анықтау және тарату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 1-18 наурыз аралығында «Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» республикалық шебер-сағаттың қалалық кезеңі өткізілсін.
2. Шебер-сағат туралы ереже, ұйымдастыру комитетінің, қазылар алқасының құрамы бекітілсін. (1-3 қосымша)
3. Бөлім әдіскері Н.Қ. Нұрғалиева ұйымдастыру іс-шараларын өткізсін, байқаудың өткізу шарттарын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау бөлім басшысының орынбасары Қ. Т. Қыдралинге жүктелсін.

Бөлім басшысы



С.Айтқазина

Таныстым:

Қыдралин

бөлім басшысының орынбасары Қ.Т. Қыдралин

001825

**Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің
«Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы»
тәжірибесінен шебер-сағат өткізу туралы
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ережелер

Осы Ереже меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің арасында «Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» тәжірибесінен шебер-сағат өткізу туралы (бұдан әрі – Шебер-сағат) мақсаты мен міндеттерін анықтайды, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

Шебер-сағат ҚР БҒМ «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

Мақсаты: тәрбие-білім беру процесінде көркемдік-эстетикалық бағытты дәстүрлі емес сурет салу техникасы арқылы дамыту, педагогтердің үздік тәжірибесін анықтау және тарату.

Міндеттері:

- үздік тәжірибені қарау;
- педагогтерге тәжірибе алмасу алаңын ұсыну;
- жаңа педагогикалық тәсілдерді зерттеу және енгізу;
- балалардың шығармашылық қиялы мен ойлау кеңістіктігін дамыту.

Шебер-сағатты ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

Шебер-сағатты ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, аудандық бөлімдер, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астананың білім беру басқармалары.

Шебер-сағат үш кезеңде өткізіледі:

- I кезең - қалалық;
- II кезең - облыстық;
- III кезең - республикалық.

Шебер-сағатты ұйымдастыру және өткізу үшін барлық кезеңдерде байқау комиссиясы құрылады, оның құрамы Павлодар қаласы білім беру бөлімінің бұйрығымен бекітіледі.

Байқау комиссиясының құрамына мектепке дейінгі білім беруге жетекшілік ететін білім беру бөлімінің, әдістемелік қызметтердің мамандары, тәжірибелі педагогтар, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурстарының жеңімпаздары, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлері, сондай-ақ ата-аналар қоғамдастығының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Байқау комиссиясының мүшелері қатысушылардың ұсынылған материалдарын зерделейді, жеңімпаздарды анықтайды. Шебер-сағат

қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталады, ол келесі кезеңдерге қатысу үшін жіберіледі.

1) 2022 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде қатысушының өтінімі (1-қосымша);

2) қатысушының ақпараттық картасы 2022 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде (2-қосымша);

3) Мастер-класс қатысушысының бейнематериалы 2022 жылғы 14 наурызға дейін (3-қосымша).

Шебер-сағат нәтижелері осы Ереженің 3-қосымшасында орналастырылған талаптарға сәйкес балдық жүйе бойынша бағаланады.

Шебер-сынып қатысушысына қойылатын талаптар

Шебер-сағатқа кемінде үш жыл педагогикалық жұмыс өтілі бар, өз тәжірибесінде дәстүрлі емес сурет салу техникасын қолданатын мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері қатысады.

Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, баспа басылымдарында, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды пайдалану, көпшілікке тарату, Интернет желісіне орналастыру, шығармашылық жобаларға қосу, БАҚ-та жариялауға келісімін береді.

Материалдарды рәсімдеуге қойылатын талаптар

Қалалық кезеңге материалдар (бейнематериал) «Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» атты мастер-класс атауымен nurgul.nurgalieva@mail.ru электрондық поштаға 2022 жылғы 14 наурыздан кешіктірмей жіберілуі тиіс.

Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды.

Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

«Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» шебер-сағат қорытындысы бойынша келесі жүлделі орындар белгіленеді:

- I орын;

- II орын;

- III орын.

Шебер-сағат қалалық кезеңінің жеңімпаздары Павлодар қаласы білім беру бөлімінің дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.

**Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің жұмыс тәжірибесінен
«Сурет салудың заманауи дәстүрлі емес әдістері» атты республикалық
шебер-сағаттың қалалық кезеңіне қатысу үшін
өтінім**

№ 1 нысан (EXCEL бағдарламасында тапсыру)

МДМ №	Т.А.Ә (толық)	Туған күні	Жұмыс орны (мекеменің толық атауын көрсету)	Лауазымы (штаттық кесте бойынша)	Лауазымдағы жұмыс өтілі	Санаты	Білімі туралы мәліметтер (не, қашан, қайда бітірді, диплом бойынша мамандығы)

№ 2 нысан (бейнеролик үшін) (EXCEL бағдарламасында тапсыру)

МДМ №	Т.А.Ә (толық)	Лауазымы	Жас ерекшелігіне байланысты топ	Оқыту тілі	Бөлім (пән)	Сабақтың тақырыбы	Сурет салу техникасының түрі

**Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің жұмыс тәжірибесінен
«Сурет салудың заманауи дәстүрлі емес әдістері» атты республикалық
шебер-сағаттың қалалық кезеңі қатысушысының ақпараттық картасы**

1	Педагог туралы жалпы мәліметтер:	
	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса), міндетті түрде 3x4 мөлшеріндегі фотосурет	
	Еңбек өтілі (еңбек және педагогикалық)	
	Білімі	
	Біліктілікті арттыру курстары (соңғы үш жылдағы).	
2	Тәрбиеленушілердің соңғы 3 жылдағы жетістіктерінің мониторингі және даму динамикасы.	
3	Олимпиадаларға, кәсіби байқауларға өзінің қатысуы туралы мәліметтер.	
4	Үялы телефон	

«Заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасы» бейнеролигі (10 ұпай)

Бейнеролик балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың назарын белсендіретін, бейнелеу іс-әрекетіне қызығушылықты оятуды қамтамасыз ететін мұғалімнің практикалық тәжірибесін қамтуы тиіс.

Балалармен жұмыс жасауда сурет салудың дәстүрлі емес әдістерін көрсететін шебер-сынып қатысушысы қосымша құралдарды қолдана алады: балалардың бейнелеу іс-әрекетінде монотондылық пен бірқалыптылыққа жол бермейтін ойындар, жұмыстың ерекше басталуы, музыкалық сүйемелдеу, дәстүрлі емес әртүрлі материалдар, балалар үшін қызықты, қайталанбайтын тапсырмалар және т.б.

Сақталуы тиіс жалпы талаптар:

- педагогикалық процесті қызықты ойын түрінде ұйымдастыру;
- заманауи дәстүрлі емес сурет салу техникасын қолдану;
- жақсы ұйымдастырылған дамытушы ортаны пайдалану;
- санитарлық-гигиеналық талап нормаларын сақтау;
- қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету.

Бейнематериалдың техникалық сипаттамалары:

- рұқсаттылығы HD төмен емес (1280x720);
- формат *.mp4;
- бейнематериалдың хронометражы 3 минуттан аспайды.

Бағалау критерийлері мен көрсеткіштері

№	Критерийлер	№	Көрсеткіштер
1	Педагогикалық процесті ұйымдастыру	1.1	Тәрбиелеу-білім беру процесі мазмұнының үлгілік оқу бағдарламасына сәйкестілігін қамтамасыз етеді
		1.2	Мазмұнның тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді
		1.3	Педагогикалық процесті ойын түрінде ұйымдастырады
		1.4	Сурет салудың дәстүрлі емес әдістерін пайдалануда креативті, инновациялық тәсілдерді қолданады
		1.5	Тәрбие міндеттерін жүзеге асырады
2	Педагогикалық міндеттерді шешудегі әдістемелік тәсілдер	2.1	Жақсы ұйымдастырылған даму ортасын қолданады
		2.2	Көрнекілік пен АКТ құралдарын орынды қолданады

3	Сөйлеу, коммуникациялық мәдениет, жеке – кәсіби қабілеттері	3.1	Тәрбиеленушілермен жұмыс барысында қолайлы психологиялық климат орнатады
		3.2	Іс-шараға қатысатын барлық тәрбиеленушілерді назарда ұстайды
		3.3.	МДҰ санитарлық-гигиеналық талаптар нормаларын сақтайды
		3.4	Кәсіби қызметтің жеке стилін көрсетеді
		3.5	Тәрбиеленушілерге арналған сұрақтар мен тапсырмаларды сөйлеу қателіктерін жібермей түсінікті, нақты тұжырымдайды